



Жоба□ сметалык кыны□ –□ 336,7□ млн□ тенге.

Тарихи даталар дөйүм дүйүм жүрттүн назарында. Сондай мерекелік мезіретте міндетті түрде әлеуметтік нысандар немес-е тарихи-мәдени, сәулет өнері ескерткіштері пайдалануға беріліп келеді. Оны жергілікті билік барынша әспеттеп, салтанатты түрде лентасын қияды. Сол думандатып ашылған дүниелер халықтың игілігіне қаншалықты жарап түр? Біздің басылымның №27 нөмірінде (20.07.2017 ж.) «Солтүстік» сапаржайының қазіргі жай-күйі туралы қаузағанбыз. Ендігісі – Қызылорда қаласының 195 жылдығына орай бой көтерген «Сыр Ана» стелласы. Алдымен нысанның құрылысы туралы қысқаша мәлімет. Бұл жобаның сметалық қыны 336,7 млн теңгені құрайды.

Биіктігі – 39 метр. Елбасы «Сыр – Алаштын анасы» деп бағалаған өңір-дегі аталмыш монументтің сәуле-ті тым өзгеше.

– Ескерткіштің сәулеттік пішіні биік-теген сайын өз дінгегіне айнала оралып, казак әйелінің сұлулығын паш ететін әйел мүсінін сомдайды. Сыр өңірінің ерекшеліктерін айқындайтын бұл кешеннің басына сәукеле киген, мың бұралған қыпша бел әйел-ананың образын иелену мағынасы да осында. Ал әйел-ананың самал желмен тербетілген етегі Сырдарияның бұйра толқындарын бейнелейді, - делінген Қызылорда облысы әкім-дігінің ресми сайты сол уақытта таратқан хабарламада.-

Ең қызығы сол, бұл ақпараттан сон екі-үш пәкірде қалдық. Әдетте, сәукелені әйел-ана емес, ұзатылып бара жатқан қыз киетін. Оның өзіндік мағынасын ойлы оқырман өзі анықтар. Ал стелланың ашылу салтанатында сол кездегі облыс әкімі Болатбек Қуандықов:

– Өмір жібі – Сыр-Ананың қолында. Жана өмірге қадам басқан жас жұлбайлар Сырдарияға келіп, тілек тілеуді дәстүрге айналдырған. Бұл үрдіс ұзақ жылдардан бері жалғасын тауып келеді. «Сыр-Ана» кешені де алдағы уақытта қызылордалықтар мен қала қонақтарының көптеп келіп, тағзым етер орнына айналады деп сенемін,- деді.

2012 жылдан бері осы манда мерекелік шаралар тым аз өтті. Ұмытпасак, монументтің ашылу салтанатында үлкен концерт болды. Одан кейінгісі есімізде жоқ. Қазіргі күні еш қәдеге аспай тұр. Күні кеше осы аумаққа бар-дық-. Сырдарияның жағалауында орналасқан сон, серуендеуге шығады жұрт. Әйтсе де, қоз қызығатын қорнекіліктер жоқ. Әу баста стелла-ның тобесіне шығып, Қызылорданы жоғарыдан тамашалауға мүмкіндік бар-тын. Бүгінде есігі тарс жабылған. Тіпті, көптен ешкім бақылауға алмағанға ұқсайды. Себебі стелланың әйнектері шаннан қорінбейді. Оны қоршап тұрған жарық шамдары сынып, бірі жанса, екіншісі істен шыққан. Тізе бұжетін орындықтарды да шоп басып кетіпті. Сонымен қатар «Сыр Ана» кешенінің алдындағы аланқай да балаларға қауіп төндіріп тұр. Ашық аланда орналасқан жарық бағаналарының түбі ашық-шашық. Іші толған ток сымдары. Алда-жалда бұлдіршін сол сымға қол тигізсе, не болмақ?

Қорыта айтқанда, бюджеттен миллиондап қаржы бөлінген нысан негізгі миссиясын толық атқармай отыр. Ойткені бұқараны сонда- тартатын тағылымды шаралар өткен емес. Бар дүниені ұқсата алмай отырған жергі-лікті билік осы мәселені назарға алса деген ниет бар бізде...

Козы Көрпеш ЖАСАРАЛУЛЫ